

Ғұмырымның дені кітап оқумен өтті. Сырласым әрі мұңдасым кітап болды. Содан да маған рухани байлық иегерлері кітапханашылар тым ыстық. Кездескен жерде шұрқырасып жатамыз. Осы күні қалам ұстағандарда бедел қалмады. Былайғы жұрт сені бір өнбейтін жұмыспен айналысып жүрген қияли адам деп біледі.

Материалдық игілік алға шығып, адамдарды тұтынушылық пиғыл еңсерген тұста, кітаптың бағасының түскені ойландыратын жағдай. Кітап жазу еріккеннің ермегіне айналып барады. Екінің бірі кітап жазғыш боп алған. Кітапты қадағалайтын, асылы мен жасығын айыратын сыншы жоққа тән. Осының бәрі кітап сапасына кері әсер етіп, олқылы – толқылы оқырманды рухани азықтан алысататып жібееді. Оқырманы жоқ кітапта құн болмайды. Кітапты насихаттау көбінесе бір жақты. Насихатты жандандыруға қаржы тапшылығы қол байлау боп жатады. Көбінесе салмақ кітапханашыларға түседі. Бұл сала мамандарының жалақысы еңбек төлеуін өтей алмайды. Атқарылатын іс шаралар бастан астады. Штаттағы кітапханашылардың аздығы жұмысқа қол байлау. Көшпелі кітапхана ұйымдастыруды жатпай-тұрмай қолға алса өз жемісін берер еді. Кітапқұмарлар қоғамын құру күн тәртібінде тұр.

Қолда қалам болған соң, кітапханға жиі – жиі ат басын бұрамын. Өзім тұрып жатқан Ақадыр кентіндегі Сәкен ақын атындағы кітапхана менің екінші үйім есепті. Кітапханада тартымды кештер жиі өтіп тұрады. Соның бірінен де қалмаймын. Кітапхана мамандары түрлі мәдени жиындарды

КІТАПХАНА ӨЗ ҮЙІҢ

тартымды өткізеді. Көбінесе өз қалталарынан ақша шығарады. Кітапхана меңгерушісі Мұқышева Бақытгүл іскерлігімен кент тұрғындарының алғысына бөленіп жүр. Осы ұжым мүшелері – Сейдахмет Перизат, Байдарова Назгүл, Қалижан Нұршат, Жазыбекова Баянды, Доскен Раушан өз жұмысарына бекем елгезек мамандар.

Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық кітапхана ұжымымен де жете таныспын. Кітапхана басшылығын атқарған Аманжолова Дина іскер директор болатын. Қызметі көтеріліп Астанаға ауысып кетті. Кітапхананың өлке тану бөлімін басқаратын Сандуғаш Орынбайқызы ұжымның ұйтқысы есепті. Әдеби кештердің бірден бір ұйтқысы осы Сандуғаш қарындас. Болмайды демейді, тек алға ұмтылатын өрлігі бар. Гоголь атындағы кітапхана ұжымы тәрбиелік мәні зор мәдени шараларды жиі ұйымдастырып тұрады. Ағысты ортадан алыс жатқан мен тәрізді қаламгерлердің шығармашылығын насихаттауды назарға алады. Өз ісінің білгірлері – Нұрланқызы Гауһар, Алжан Кеңесбек те менің көңілімнен шыққан кітапханашылар. Биылғы жылы жарық көрген «Бастау» романымның сүйінші данасын осы кітапханаға жіберген едім. «Классик жазушымыздың романы жарық көріпті» деп асыра көтермелеп жіберіпті.. Мың да бір алғыс, айналайындар!

Мен жиі ат басын бұратын аудан – Жаңаарқа! Шыр етіп дүниеге келген құтты өңір мені өзіне магнитше тартып тұрады. Жолым түскенде үш жыл оқып білім алған бұрынғы

Ленин атындағы мектептің көне ғимыратына барып тәжім етемін. Екінші кезекте, Сәкен Сейфуллин атындағы аудандық

кітапханаға бас сұғамын. Жарық көрген кітабымды ұсынамын. Кештеріне қатысамын. Қона жатып әңгіме-сұхбат құрамын. «Сіздің шығармашылығыңыз біздің басты назарымызда» деп ондағылар мені бір көтеріп тастайды. Осы таяу күндерде кітапханада болған едім. Ұжым мүшелері кітапхананың сексен жылдығына дайындық үстінде екен. Сексен жылдыққа тартуым болсын деп, «Бастау» романымның он данасын ұсындым. Енді сол кітаптың таяу күндерде тұсау кесері өтпекші. Оған ризашылықтан басқа айтарым жоқ. Маған соншалықты рухани жақындығымен, елгезектігімен ыстық көрінетін ұжым мүшелері: Раушан Серғалиқызы Қожанберлина (директордың міндетін атқарушы) Ақбөпе Қартайқызы Оралбаева, Замзагүл Құрақбайқызы Қабденова, Салтанат Ерғалиқызы Бақышева, Гүлмайра Ағылақызы Жақыпова, Арай Жанатқызы Берлібаева сынды байырғы кітапханашыларды кітапхананың сексен жылдығымен құттықтаймын! Еңбекте табысты бола беріңдер.

Осы мүмкіндікті пайлана отырып, барша Қазақстандық кітапханашыларға төл меркесіне орай ыстық сәлемімді жолдаймын. Еліміздің әдеби һәм мәдени өміріне ынталы қызметпен үлес қоса беріңдер.

Өмір КӘРІПҰЛЫ,
қарт қаламгер